

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша

Хаттама № 1

«Бала тәрбиесі - баршамызға ортақ» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді

Өтілген күні: 19 қыркүйек 2022 жыл  
Уақыты: Сағ. 11.00-де  
Қатысқаны: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, 52 ата-ана,  
учаскелік инспектор Д. Әшімбеков, ата-аналар комитеті,  
Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы есебі және 2022-2023 оқу жылының жоспары С. Жұмаханов
2. «Жасөспірім жауапкершілігі – ортақ іс» баяндама Т. Үсенов
3. 2022-2023 жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.  
С. Шокаманов
4. Өткен оқу жылының ҰБТ мен ББЖМ кешенді тест және емтихан қорытындысы және жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы Ж. Омарбеков
5. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, болдырмау жолдары. АІБ ӘПБ-нің полиция майоры, учаскелік инспектор Д. Әшімбеков
6. Мектеп ережесімен ата-аналарды таныстыру. Т. Үсенов
7. Оқушылардың «Ыстық тамақпен» қамтылуы. Мемлекет, демеушілер тарапынан көмектің көрсетілуі Н. Ниязбеков
8. Әр түрлі мәселелер

Барысы:

Мектеп директоры С. Шокаманов жиналысты ашып, ата-аналарды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Сонымен бірге мектептің өткен оқу жылындағы жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталып, атқарылған жұмыстарға шолу жасады, қорытындылап өтті.



I. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитеті төрағасы С. Жұмаханов сөйледі. Ол ата-аналарды 2021-2022 оқу жылында карантиндік талаптарды сақтай отырып, атқарылған жұмыстар есебімен таныстырды. «Жалпы ата-аналар жиналысынан бастап, ата-аналар комитеті оқушылардың ҰБТ, ББЖМ кешенді тестке дайындық жұмыстарына тәрбие саласындағы ән-күй, өнер, сурет байқауларына, спорттық жарыстарға, мерекелік іс-шараларға, көрермен, жанкүйер, тікелей қатысушы ретінде белсене қатысып келеді. «Отбасы тәрбиесі» бағыты бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып, мектепте ата-аналармен бірігіп, «Толағай», «Көңілді старттар» жарыстары



өткізілді. Үлгілі жанұялармен кездесулер өткізіліп, оқушылардың мәдениетті, білімді, өнерлі, әдемі болуларына насихаттар берілді. Тәрбиесі “қиын” оқушылармен олардың ата-аналарымен дөңгелек үстел өткізіліп, насихаттау жұмыстары атқарылды.

II. «Жасөспірім жауапкершілігі – ортақ іс» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов баяндама жасап, отбасының бала тәрбиесіндегі айрықша алатын орны, жасөспірім жауапкершілігі мектеп пен ата-ананың екеуіне де ортақ мәселе екендігін, біріге отырып, жүйелі жұмыс жасап, тығыз байланыс орнатқан жағдайда ғана жетістікке қол жеткізуге болатындығын атап өтті, слайд арқылы талдау жасап, кеңестер берді.

III. Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылына ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау ұсынылып, ата-аналардың ұсынысымен, келісімімен бұрынғы құрам қайта сайланды:

1. Жұмаханов Сайлаубек – төрағасы
2. Талдыбаева Жанар – хатшы
3. Төлбасиев Тасболат – мүшесі
4. Өмірбекова Ләззат – мүшесі
5. Өтебаева Лаура – мүшесі
6. Жұмаханов Оралхан - мүшесі

Ата-аналар комитеті мен ата-аналар жиналыстарының жылдық жоспары бекітілді.

IV. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбеков сөз алып, 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие саласында бірқатар жұмыстар атқарылғанын айтып өтті. Мектепте 46 мұғалім жұмыс атқарады. Мектеп бітіруші 13 оқушыдан ҰБТ 10 оқушы тапсырғанын, оның 8-і еліміздегі жоғары оқу орындарының білім грантын жеңіп алғанын, қалған 4 оқушы колледждерге оқуға түскенін, 1 оқушы жұмыспен қамтылғанын айта отырып, мектеп ұжымының жұмысының нәтижесі екендігін атап өтті. Дәстүрлі қалалық байқауларда мектеп мұғалімдері қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Қалалық пәндік олимпиадада мектебіміз жақсы деңгейден көрінді. Мектебімізде үйірмелердің жұмысы жақсы жолға қойылған. Оқушыларымыз өнер, спорт жарыстарында жоғары деңгейде көрініп жатқан жағдайымыз бар. Ж. Омарбеков мектептің санитарлық жағдайы талапқа сай екені, оқушылардың формасы ата-аналардың жағдайына ауырлық түсірмейтіні, барлық оқушылар формалармен қамтылғаны туралы мәлімдеді. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектеп жасындағы балалардың оқуға қамтылу жағдайы, оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы айтып, мөлтек аудан бойынша барлық мектеп жасындағы балалар оқуға қамтылғанын, үйде оқытылатын балаларға жағдай жасалғанын, жағдайы төмен оқушыларға көмек ұйымдастырылғанын, оқушылар оқулықпен толық қамтылғанын түсіндірді. Бірінші кезекте оқулықпен жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары қамтылатынын ескертіп айтты.





Ү. мәселе бойынша «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық және діни экстремизмнің алдын алу жолдары туралы» полиция қызметкері Д. Әшімбеков баяндама жасады. Ол ауылдағы, аудандағы болып жатқан құқықбұзушылықтар, келеңсіз жағдайлар, әсіресе, жақында орын алған Шымбұлақ ауылы мен Қарнақ елді мекендерінің жастары, оқушылары арасында орын алған жағдайдың кісі өлімімен аяқталғанын, ата-ананың жауапсыздығынан жасөспірімдердің түнде көшеде қадағалаусыз жүргенін, нәтижесі осылай болғанын өкінішпен айтты. Әсіресе қадағалаудан шетте қалған, бос уақыттарын қалай өткізуді ойланбайтын, жанұялары сәтсіз, жағдайлары төмен, тәрбиесі «қиын» оқушылар осындай келеңсіз жағдайларға жолығып, ауыр қылмыстарға баруы мүмкіндігі айтылды. Сондықтан мектеп, ата-аналар тарапынан қатаң бақылау, балалардың бос уақытын қадағалау қажет екендігі, оқушылардың мектеп ережелеріне бағыну керектігі, мектепке смартфон ұялы телефон ұстауға тыйым салынатынын ескертіп түсіндірілді. Әсіресе түнгі сағат 22.00-ден кейін мектеп оқушыларының көшеде жүрмеу керектігі, ал орын алған жағдайда ата-анасы жауапкершілікке тартылып, айыппұл төлейтіндігін қатаң ескертіп өтті.

ҮІ мәселе турасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов те сөз кезегін алып, 2021-2022 оқу жылында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарды қысқаша атап өтті. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің сағат 22.00-ден кейін ойын-сауық орындарына бармауы, үйінен тыс жерлерде жүрмеу қажеттігін, әсіресе 8,9,10,11 сыныптың ер балаларының түн мезгілінде ата-ана қадағалауынсыз көшеде жүретінін, кейбірінің автокөлік жүргізетіндерін де ата-аналарға ескертті. Қатаң қадағалауды тапсырды. Ата-аналар жиналысында күн тәртібіне енгізу жөніндегі нұсқау хатымен таныстырып, соған сәйкес аталған мәселелердің «Мектеп ережесіне» енгізілгенін атап өтті және ата-аналар қауымын «Мектеп ережесі» мазмұнымен таныстырды. Ата-аналарға сонымен бірге оқушылардың мектепке ұялы телефонды әкелуге қатаң тыйым салынатындығын ескертті. Қатаң қадағалауды тапсырды. Оқушылардың сабақ кезінде жұма намаз, айт намаз сияқты шараларға қатысуға рұқсат жоқ екендігі де қатаң ескертілді. Мектеп мұғалімдері оқушылар арасында діни киім киетіні жоқ екені айтылды және осы жерде мектеп оқушыларының формасы туралы сөз болды. Қыз балалар қара көк түсті костюм-жакет-юбка, ұл балалар қара көк костюм-шалбар, ақ көйлек – классикалық киім киетіні ата-аналарға айтылды. Мектеп оқушыларының 85 пайызы мектеп формасымен қамтамасыз етілген.

ҮІ. Әлеуметтік -педагог Н. Ниязбеков биылғы оқу жылында 50 оқушының «Ыстық тамақпен» қамтылуы, мемлекет тарапынан мектеп формасына 30 оқушыға 37 мың теңгеден берілгені, демеушілер тарапынан 10 оқушыға киім-кешек пен оқу құралдары секілді көмектің көрсетілуіне тоқталды, есебін берді.

Ү. ДТІЖО Т. Үсенов ата-аналарды маусым айында өздерінің келісімен сайланған Қамқоршылық кеңес құрамымен Есіркепов Өмірхан, Суннатиллаева Майра, Омарбеков Бердібек, Ниязбеков Тұралы, Жұмаханов Сайлаухан, Төлбасиев Тасболат, Елеуов Сейдехан, Абылбеков Аят, Төлбасиева Гүлнәзік, Зұлпыхаров Ғалым сынды ауылдың белсенді азаматтарымен таныстырып өтті.

Ата-аналар жиналысында қойылған мәселелерді қорытындылай келе мектеп директоры С. Шокаманов әрбір баланың өз отбасында жастайынан алған тәрбиесінің жемісі жақсы нәтижелі болатынын, отбасы мен мектеп әрқашан тығыз байланыста болу керектігін ұқтырды.

#### Қаулы:

1. Ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп табылсын.



2. Жаңа оқу жылында білім сапасын арттыру, кешенді жұмыстар үйлестіру, өткен жылғы жұмыстардың қорытындысы бойынша жұмыстар атқару мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбеков пен қосымша педагог А. Есіркеповаға жүктелсін.

3. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық және діни экстремизмнің алдын алуға арналған іс-шараларды жоспар бойынша жұмыстар жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсеновке, психолог А. Жаңылбековаға тапсырылсын.

4. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте оқу-тәрбие процесін үйлестіру, ата-аналармен бірігіп жұмыс атқару сынып жетекшілеріне жүктелсін.

5. Жаңа 2022-2023 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамы төмендегідей бекітілсін:

1. Жұмаханов Сайлаухан – төрағасы
2. Талдыбаева Жанар – хатшы
3. Төлбасиев Тасболат – мүшесі
4. Өмірбекова Ләззат – мүшесі
5. Өтебаева Лаура – мүшесі
6. Жұмаханов Оралхан – мүшесі

6. Ата-аналар комитетінің, ата-аналар жиналыстарының жаңа оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.

7. Мектепке оқушылардың формамен немесе класикалық киіммен келуін, ұялы телефон әкелмеуін, смартфон телефон пайдаланбауға, мектеп ережелерін сақтауға ықпал жасау әр ата-анаға міндеттелсін.

Мектеп директоры

С. Шокаманов

Ата-аналар комитеті төрағасы:

С. Жұмаханов

Ж. Талдыбаева





Сауран адами әлеуетті дамыту бөлімі  
«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі

*Баяндама:*

**Жасөспірім жауапкершілігі –  
ортақ іс**

*Баяндамашы: ДТІЖО Т. Үсенов*

**Қаражон ауылы**



### «Жасөспірім жауапкершілігі – ортақ іс»

Жалпы, жасөспірімдер арасындағы адам айтқысыз ауыр қылмыстар толастамай тұр. Бұл мәселені тек шырқы бұзылған отбасылардың көбеюімен ғана емес, балалардың соңғы кездері шекара дегенді білмейтін, бала жүрегіне қатыгездікті дарытуға себеп болатын адамды қинау мен азаптап өлтірудің эпизодтарын қамтитын сорақы компьютерлік ойындарға деген ықыласымен байланыстыруға болады. «Атып кетті, шауып кетіпті, өртке оранды, басын жарып, көзін шығарды» тақырыптас анимациялық фильмдер мен кинолар да қылмыстың «жасаруына» өз үлестерін қосуда. Онымен қоса санай беріңіз: арақ-шарап, есірткі, темекі, түнгі клубтар, ойын автоматтары, маскүнемділікке салынған ата-ана...

Бүгін жастарға толығымен ерік берілген. Не істеймін, қайда барамын демейді. Қалтасында ақшасы, астында темір тұлпары бар. Өмірлерін біршама белсенді өткізуге де «жағдайлар» жасалынған, яғни «эй дейтін әже, қой детін қожа жоқ» – түнгі клубтар, ойын-сауық, би кештері. Осыдан кейін баласының бұзақылық жасағандығын көрген ата-ана «қай жерде қате жібердік» деп қынжылады. Әр бала – кішкентай әлем. Сондықтан осы «әлем» иелерінің жан дүниесі нәзік, сезімтал болып келеді. Үлкендердің айтқан сөздерін, іс-әрекеттерін, бұқаралық ақпарат құралдарынан көргенінің барлығын тез қабылдап, шындық көреді. Міне, сондықтан да лас ақпарат көздері мен телехабарларда үнемі беріліп отыратын жағымсыз мәліметтер жастардың нәзік көңіліне, жан дүниесіне қатыгездікті тудырады. Ақпарат құралдары қатігез қылмыскердің іс-әрекетінің егжей-тегжейін жазып, жасөспірімдерге сабақ болар десе, кейбір жасөспірімдер «осы қылмысты жасаған қылмыскер қандай сезімде болды» екен деп, сол қылмысты қайталайтыны кездесіп жатады. Облыстық ішкі істер департаментінің кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімнің аға инспекторы, полиция майоры Бибігүл Камзинаның айтуынша, жасөспірімді қылмыстық іске итермелейтін басты себептерінің бірі – олардың отбасында бақылаусыз болуында. Бұл - ата-ана мойнына жүктелетін жауапкершілік. Сонымен қатар, жасөспірімнің тәртіпсіздікке бой ұруының басты себептеріне өмірлік тәжірибенің жоқтығын, баланың өзіне достарды таңдай алмауы да қатты әсерін тигізеді. Отбасы мүшелері баланың уақытында сабақтан келуін, жолдастарымен қарым-қатынасқа түсетін адамдарды қадағалап, тексеруді міндетіне алғандары жөн. Мамандардың айтуына қарағанда, кей уақыттарда балаға біраз қатал қараудың маңызы зор. Ал көбіне түсіністік танытып, жастардың бойына сыйластық, сенімділік сезімдерін дарыту да артық болмас. Себебі ата-ана қамқорын, достық ниетін көріп өскен ұрпақ ер



жеткенде өзгеге де осы көзқараспен қарайтындығы белгілі.

- Қылмыс жасауға итермелейтін себептердің тағы бірі – тұрақсыз отбасылық жағдай. Яғни, түтіні түзу шықпаған жанұяда өскен жасөспірімдердің қылмысы. Отбасындағы толассыз ұрыс-керістен көз ашпайтын балалар бұзақылыққа жақын болып келеді. Жасөспірімдер ата-анасының қамқорлығы мен қадағалауынан тыс қалады. Мәселен, облысымызда ағымдағы жылдың 6 айлық мерзімінде өз балаларына қатаң, мейірімсіз қылық танытқан екі ата-ана қылмыстық жазаға тартылған. Сондықтан жасөспірімнің тұлға ретінде дамуына, қоғамда жүруіне ата-ана тарапынан назардың болуы маңызды.

Жасөспірімдерді заң бұзушылыққа, қылмыс жолына итермелейтін фактордың бірі – зиянды заттарды қолдану. Қылмысты ішімдік және есірткі заттарының әсерінен жасайтындар көптеп кездеседі. Яғни, есірткі мен ішімдікке әуестік және қылмыс бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар десе де болады. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, ағымдағы жылдың бірінші жартысында жасөспірімдер қолымен өзге адам меншігін ұрлау фактісі бойынша – 56, тонау – 31, бұзақылық – 4, қарақшылық 4 жағдай және заңсыз автокөлікті айдап кету әрекеті бойынша 9 заңбұзушылық тіркелген екен. Оның ішінде 16 фактісінде күдіктілер қылмысты «тентек суға» тойып алу салдарынан жасаған. Қоғам болып ат салыссақ...

Жасөспірім тәрбиесі тек ата-ана мен ұстаздарға немесе құқық қорғау органдары қызметкерлеріне ғана емес, қоғамға тікелей байланысты екендігін ұмытпағанымыз абзал. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер әлемінің өз табиғи заңдылықтарының барына ешкім шүбә келтірмес. Әлеуметтік ортаның өзгерген сипатына байланысты оларды түсінетін басты «тәрбиеші», қоғамға артар үміт көп... Сан түрлі оқиғаларға толы қоғамымызда өмір сүретін жеткіншектердің болашақта қандай азамат болып өсері әркімді алаңдатуы қажет. Қоғамның бір бөлігі болып табылатын азаматтардың жасөспірімдер тәрбиесі мен мінез-құлқына әсер ететіні мәлім. Сондықтан бұл жағдайда басты рөлді адами фактор атқарады. Егер әр адам немесе адамдар тобы қоғамымызда орын алған әрекеттерге қарсы әрекет ете алса, өзгелерге, әсіресе жастарға үлгі болары анық.



«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама №2

“Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері”  
тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді.

**Өтілген күні:** 19 қаңтар 2023 жыл

**Уақыты:** Сағ. 15.00-де

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, учаскелік инспектор, сынып жетекшілері ата-аналар, ауыл ақсақалдары, қамқоршылық кеңестің мүшелері.

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебі. *Ата-ана комитеті төрағасы С. Жұмаханов*
2. «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері» баяндама *Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Т. Үсенов*
3. «Тест – білім айнасы» Сыныптар бойынша алынған сынаамалы тест қорытындылары, ББЖМ, ҰБТ –ға дайындық жұмыстары, барысы туралы. *Оқу ісі жөніндегі орынбасар Ж. Омарбеков*
4. Оқушылардың «Ыстық тамақпен» қамтылуы. Тұрмысы төмен оқушыларға мемлекет тарапынан (қоғамдық ұйымдар, демеушілер) көмектің көрсетілуі. *Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков*
5. Үйірме жұмыстарының жүргізілуі *Қосымша педагог А. Есіркепова*
6. «Қылмыс және жасөспірім» Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу барысында атқарылған жұмыстар. *Учаскелік полиция инспекторы Д. Әшімбеков*
7. «Мектеп пен ата-ана байланысы» Психологиялық тренинг. *Педагог-психолог А. Жаңылбекова*
8. Әр түрлі мәселелер

**Барысы:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитеті төрағасы С. Жұмаханов сөйледі. Ол ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстар есебімен таныстырды. “Жалпы ата-аналар жиналысынан бастап, ата-аналар комитеті оқушылардың ББЖМ, ҰБТ, кешенді тестке дайындық жұмыстарына, тәрбие саласындағы ән-күй, өнер, сурет байқауларына, спорттық жарыстарға, мерекелік іс-шараларға, көрермен, жанкүйер, тікелей қатысушы ретінде қатысып жүргендігін жарыстар, кездесулер өткізіліп, оқушылардың мәдениетті, білімді, өнерлі болуларына жағдай жасалып жатқанын айтты. Ата-аналар комитеті ОЖСБ, ҰБТ, кешенді



тест, мемлекеттік емтихандарға дайындық барысында мұғалімдер оқушыларға моральдік қолдау көрсетіп, қадағалау жұмыстарына шама-шарықтарынша қолдау көрсетіп жатқандығын айтты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқыды.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбеков сөз алып, 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында оқу-тәрбие саласында бір қатар жұмыстар атқарылғанын айтып өтті. Ж. Омарбеков мектептің санитарлық жағдайы талапқа сай екенін, оқушылардың білім сапасы, тоқсандық қорытынды, сыныптар бойынша алынған сынағамалы тест қорытындылары, ОЖСБ, ҰБТ –ға дайындық жұмыстары, нәтижелері, барысы туралы мәлімдеді.

2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанында 1-11 сыныптарда 163 оқушы, 2 тоқсанда 165 оқушы, білім алды. 2-11 сыныптарда 1 тоқсанда -141 оқушы-білім сапасы -47.52%, үлгерімі 100%, орта балы - орта балы -3.98 2 тоқсанда 142 оқушы-білім сапасы- 54.3%, үлгерім-100%, орта балы - орта балы -3.8 білім сапасының 6.5 пайызға динамикалық өсімі байқалды. **I жарты жылдық талдау** бойынша төмен 37-51 пайыз аралығында білім сапасын көрсеткен 2<sup>о</sup>, 5<sup>о</sup>, 7, сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдерімен әдістемелік бірлестіктерде және педагогикалық кеңесте қаралды. 1-11 сыныптарда тоқсандық, жылдық қорытынды бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, сынып оқушыларының білім сапасына талдау жасалды. 2<sup>о</sup>, 5<sup>о</sup>, 7 сыныптарында педконсилиум өткізіліп, сабақ беретін пән мұғалімдері оқушылардың үлгерімі, бағдарламаны меңгерулері туралы өз пікірлерін айтты.

Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков: жазғы каникул кезінде мектеп бойынша аз қамтылған, көпбалалы отбасының 16 (он алты) оқушысы кесте бойынша жазғы сауықтыру лагерінде демалып қайтты.

«Мектепке жол», қайырымдылық акциясы барысында жартылай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасы, АСП алатын отбасы балаларының барлығы жалпыға міндетті білім қорынан бөлінген қаржыны ақшалай әрбір ата-ана алды. Мектеп формасына әрбір оқушыға 37,4 мың теңге көлемінде берілді. Акция барысында басқа да демеушілер есебінен де қаржылай көмек көрсетілді. Мектеп бойынша жалпы 40 (қырық) оқушы қамтылды.

«Қамқоршылық» кеңесіне бір мезгіл ыстық тамақпен қамту үшін 50 (елу) оқушыға өтініш берілді. Барлық оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескеріліп толық қамтылды. Асхана тазалығы, күнделікті тамақтың берілу сапасы үнемі тексеріліп берілуде.

Ауыл әкімшілігімен бірлесіп өткізілген акцияға 3 оқушы қатысып қайтты. Олардың барлығыда үйде оқытылатын оқушылар. 3 оқушыға да арнайы киім-кешектер берілді. Сабақ оқуларына толық жағдай жасалған, парта, тақта және жаңа үлгідегі планшетпен, оқулықтармен толық қамтылған.

Мектеп ұжымының ұйымшылдығының арқасында 2 рет қайырымдылық акциясы өткізіліп, одан түскен қаржыға жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген жанұяның балаларына материалдық көмектер берілді.



Жаңа жылдық әкім шыршасына Түркістан қаласына балалар сарайына 4 оқушы қатысып қайтты. Оқушылар аудан әкімінің сыйлықтарына ие болды.

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары туралы» учаскелік полиция қызметкері Д. Әшімбаев сөйледі. Олар аудан көлемінде болып жатқан құқықбұзушылықтар, келеңсіз жағдайлар, қаладағы түрлі діни ұйымдарға жасөспірімдердің кіруі көбейіп баратқанын өкінішпен айтты. Әсіресе, қадағалаудан шетте қалған, бос уақыттарын қалай өткізуді ойланбайтын, жанұялары сәтсіз, жағдайлары төмен, тәрбиесі «қиын» оқушылар осындай келеңсіз жағдайларға жолығып, ауыр қылмыстарға баруы мүмкіндігі айтылды. Сондықтан мектеп, ата-аналар тарапынан қатаң бақылау, балалардың бос уақытын қадағалау қажет екендігі, оқушылардың мектеп ережелеріне бағыну керектігі, мектепке ұялы телефон ұстауға тыйым салынатынын ескертіп түсіндірілді. Оқушылардың сабақ кезінде жұма намаз, айт намаз сияқты шараларға қатысуға рұқсат жоқ екендігі қатаң ескертілді. Оқушылардың түнгі мезгілде көшеде жүруіне де қатаң тыйым салынатындығын ескертті.

Қосымша білім беру педагогы А. Есіркепова мектептегі үйірме жұмыстарының жүргізілуі барысына тоқталды: 2022-2023 оқу жылының барысында үйірме, факультатив сабақтарының жылдық жоспары жасалынды. Факультатив, үйірме сабақтарының кестесі жасалынып, әрбір пән мұғалімдеріне бекітіліп берілді. Үйірме жетекшілерінің отырысы өтіліп, жана оқу жылының міндеттері таныстырылды. 1-11 сыныптар аралығында стандарт бойынша 11 сағат үйірме берілген. Үйірмеге қатысатын оқушылардан өтініштер алынып, өз өтініштері бойынша үйірмеге қатыстырылды.

Қоғамдағы негізгі қосымша ақысыз үйірмелер ұйымдастырылды: Үйірме, секция, студия сабақтарында еңбек қауіпсіздік техникасы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы үнемі бақылауда болды.

Күн тәртібіне сәйкес «Мектеп пен ата-ана байланысы» тақырыбында мектептің педагог-психологы А. Жаңылбекова ата-аналармен психологиялық тренинг өткізді.

Ата-аналар жиналысында қойылған мәселелерді қорытындылай келе мектеп директоры С. Шокаманов әрбір баланың өз отбасында жастайынан алған тәрбиесінің жемісі жақсы нәтижелі болатынын, отбасы мен мектеп әрқашан тығыз байланыста болу керектігін ұқтырды.

#### Қ а у л ы:

1. 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Оқу жылының II жарты жылдығында ББЖМ, ҰБТ және кешенді тесттің қорытындысы бойынша жұмыстар атқару, білім сапасын көтеру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Омарбековке жүктелсін.
3. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық және діни экстремизмнің алдын алуға арналған іс-шараларды жоспар бойынша атқарып жалғастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов, психолог А. Жаңылбековаларға тапсырылсын.



4. Мектепте әлеуметтік сала және үйірме жұмыстары бойынша жұмыстарды жүргізу, жандандыру, оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану әлеуметтік педагог Н. Ниязбековке және қосымша білім беру педагогы А. Есіркеповаларға жүктелсін.

5. Мектепке оқушылардың класикалық үлгідегі формамен келуін, ұялы телефон әкелмеуін, мектеп ережелерін сақтауға ықпал жасау әр ата-анаға міндеттелсін.

Мектеп директоры

Ата-аналар комитетінің төрағасы



С. Шокаманов

С. Жұмаханов

Ж. Талдыбаева



«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі

*Баяндама: «Жанұядағы  
тәрбиенің ерекшеліктері»*

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары: Т. Үсенов

Қаражон ауылы



Баяндама: «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері»

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-өыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан



өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.



Сауран адами әлеуетті дамыту бөлімі  
«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі

**Отбасылық  
күндылықтарды нығайту  
(баяндама)**

*Баяндамашы: ДТІЖО Т. Үсенов*

**Қаражон ауылы**



## Отбасылық құндылықтарды нығайту

Халқымыздың тамыры терең кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі **отбасы құндылықтары**. Тіпті біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік. Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес.

**Отбасылық құндылықтар дегеніміз** - бір - бірін сүйіп қосылған жандардың отбасын құрып, мықты шаңырақ болу мен бала тәрбиелеуде қолданатын ежелден келе жатқан ұстанымдар.

Әрбір отбасының өз құндылықтары болады: өзара сыйластық, қолдау, адалдық, түсіністік, үлкенге-ізет, кішіге-құрмет, ауызбіршілік, сенім арту, махабатпен бөлісу. Отбасы-жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Отбасында өмірдің мәнін оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы- адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жас ұрпақты отбасылық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның **өзекті мәселесі**.

Отбасы құндылықтары 3 топқа бөлінеді.

1. **Дәстүрлі отбасы құндылықтары**- дәстүрлі ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де осындай отбасы. Ата-әжелерінің немересіне берген ақыл - кеңестері. Отбасы тіршілігінде осы құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана- сезімі ерте оянады. Осы жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, балаларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.

2. **Қазіргі заманғы отбасылық құндылықтар**. Қазіргі таңдағы көп отбасылар заманауи салт - дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасында әр түрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әр түрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір - біріне гүл немесе көйлек сыйлайды.



**3. Тәрбиелі отбасы құндылықтары.** Отбасын құрғандардың басты мақсаты-бақытты ғұмыр кешу. Адамдар некеге тұрғанда көптеген қиындықтарды бастарынан өткереді. Келіспеушілік болғанда олар өз қателерін түсініп, кешірім танытып, қайта бірге болады. Оларды біріктіретін тәрбиелі отбасылық құндылықтар Тәрбиелі отбасылық құндылықтарға құрмет, сыйластық, қолдау, отбасылық естеліктер жатады.

Балалар өз бойынан ата - анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата - аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді.

**Ұлттық құндылықтар** және отбасылық құндылықтар барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алғанда **құндылықтар** адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту, адамдар арасындағы жағымды қарым- қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Егер бала отбасының үлкен құндылық екенін түсініп, ата-ана алдындағы парызын өтеуге бейімделген болса, өсе келе ол бұл бағыттың біртіндеп Отан алдындағы борышымен, азаматтық парызына ұласатынын аңғарады. Сондықтан әр ата-ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтарды зерттей келе, оларды бірнеше бағыт бойынша топтастырып қарауға болады. Отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Бірақ соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселеге айналуға. Сол мәселердің бірі ретінде **ұлттық тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымызды дұрыс сақталмауы** алаңдатады.

Отбасы-қоғамдық жүйенің бір бөлігі. Отбасындағы жақсы қарым-қатынас ұрпақты жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің қыр-сырын танытады, жауапкершілікке, адалдыққа, ойшылдыққа әдептілікке баулиды. Тәрбиелі білім қазына, тәрбиесіз білім-қасірет екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан кез келген сатыда тәрбиелі білім беру біздің міндетіміз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт- дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады, өмір бойы жалғасады. Бүгінгі таңда бала тәрбиесінде қоғам ата-аналар мен ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттері- ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, ар-ожданы мол, парасатты, еңбекқор, өз ойын толық жеткізіп, алған білімін өмірде тиімді пайдалана алатын, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан



адамды тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесінің негізі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Ұрпақ ата-анасының айнасы, ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. «Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы. Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады.

Отбасы- оқыту мен тәрбие жұмысының серіктесі. Себебі, ұрпақ тәрбиесінің отбасында, білім ордасында, қоғамда нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы- адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі, ол материалдық және рухани үдерістерімен сипатталады. Жас ұрпақтың әлеуметтеніп, тәлім-тәрбие алып, өсіп-өнетін негізгі институты, тал шыбықтай жас ұрпаққа бесіктен бастап берілген тәлім-тәрбие, ұстаным-тәртіп қағидалары есейгенде оның мінез –құлқының, сана-сезімінің, ар-ождан намысының темірқазығына айналады. Абай Қ. былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан ата-ана материалдық жағдайынан бұрын ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп, ал ұстаздар балаға кез келген жағымыздан өнеге болуымыз керек.

Ұрпақ-әр жанұяның бақыты. **Ата-ана, ұстаз, қоғам-үшеуі**, тәрбиеге жауапты басты өлшем. Бір тұтасып, күштерін біріктірсе тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Адамның кім болмағы ата-ана, ұстаз қоғамға ғана тәуелді емес, ол адамның өзіне байланысты. Бірақ адамның бірден жеке тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиенің үш сатысы негізінде өсіп, жетіледі. Олар: ой саулығы, жан саулығы, тән саулығы. Ұрпақ өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштары-тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата-аналардың ұрпақтарының алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал ұрпақтары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Тұғыры берік елдің отбасы да берік болады, отбасы қазығы нық қағылса, шаңырағы берік тәрбиеленер ұрпағы да өнегелі болмақ. Қай қоғамда өмір сүрмейік, ұрпақ-ол біздің болашағымыз, жарқын күндеріміз. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен қадам басуға болады.